

#19-20

(1033-1034)

22 ТАМЫЗ

2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



✓ BRENT \$67,85

✓ USD 536 T

✓ EUR 625 T

✓ RUB 6.67 T

ДОСТЫҚҚА ҚҰРЫЛҒАН ТАРИХТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ

«ИОРДАНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЕКІЖАҚТЫ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ ТАБЫСТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ. ДЕГЕНМЕН ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ТАЛҚЫЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР ДЕ ЖОҚ ЕМЕС». ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕЛІМІЗГЕ РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛГЕН ИОРДАНИЯ КОРОЛІ ІІ АБДАЛЛА БЕН ӘЛ-ХҰСЕЙНМЕН КЕЗДЕСУДЕ ОСЫЛАЙ ДЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АСТАНАҒА ШАҚЫРУЫН ҚАБЫЛ АЛҒАНЫ ҮШІН КОРОЛЬГЕ АЛҒЫС АЙТЫП, ЖЫЛ БАСЫНДА ӘММАНҒА ЖАСАҒАН САПАРЫН ЫҚЫЛАСПЕН ЕСКЕ АЛДЫ.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда жүргізілген келіссөзде: «Сіздің елімізге алғашқы келуіңіз емес. Қазақстанның қазіргі өркендеу жолына жіті назар бөліп отырасыз. Екіжақты күн тәртібінде жүзеге асырылуға тиіс бірқатар мәселе бар», – деп атап өтті.

ІІ Абдалла екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңызына тоқталып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін растады. Иордания Королі: «Бұл сапар Сіздің осыдан бірнеше ай бұрын менің еліме жасаған табысты сапарыңыздың жалғасы іспетті. Қазақстан маған өте жақын. Мұнда келген сайын Сіздің басшылығыңызбен еліңіз жүйелі түрде өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, таң қаламын. Өзіңіз атап өткендей, кеше екі ел арасындағы ынтымақтастықты түрлі салада дамыту бойынша пікір алмастық. Менің бүгінгі сапарым Қазақстан мен Иордания арасындағы берік достыққа құрылған тарихтың жаңа парағын



ашатынына сенімдімін», – деді. .

Кеңейтілген келіссөзде Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді: «Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті».

Король ІІ Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті: «Бүгінгі сапар түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және екіжақты байланыстарды тереңдетуге тараптардың мүдделі екенін растайды. Бұған дейінгі келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар маңызды келісім мен меморандумға қол қойылды. Бүгінгі уағдаластықтар, сондай-ақ оны табысты іске асыру елдеріміздің арасындағы серіктестікті кеңейтуге берік негіз қалайтынына сенімдімін».

Қасым-Жомарт Тоқаев Әммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын

500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын. Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық көлік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру саласындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Ал Иордания медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отыр. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік ортасының байланыстарын жандандырады.

Кездесу соңында Иордания Королі ІІ Абдалла Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Иордан Хашимит Корольдігінің «Әл-Нахда» жоғары орденін тапсырды.

**ҚАЗАҚ БАҒЗЫ ЗАМАННАН
ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНЕ
МӘН БЕРІП, КӨҢІЛ БӨЛГЕН.
ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ, ҚАН
ТАЗАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАН (АР)
ТАЗАЛЫҒЫ ОСЫ МӘДЕНИЕТТІҢ
ҮШТАҒАНЫНА АЙНАЛДЫ. АС
АЛДЫНДА, АСТАН КЕЙІН ҚОЛ
ЖУУ, АУЫЗДЫ ШАЮ, ДЕНЕНІ
ЖУЫП, ТАЗА ҰСТАУ ТҮРЛІ
КЕСЕЛДЕН САҚТАЙДЫ. ҚАЗАҚ
БАСПАСӨЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ
ҚАРЛЫҒАШТАРЫ ДА ХАЛЫҚТЫ
ТАЗАЛЫҚҚА ШАҚЫРДЫ. АЛАШ
ҚАЙРАТКЕРІ ЖҰМАҒАЛИ
ТІЛЕУЛИН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ
МЕН «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДА
ТАЗАЛЫҚТЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫН
ТҮСІНДІРІП, ДЕНЕ САУЛЫҒЫН
САҚТАУ БОЙЫНША КЕҢЕС
БЕРГЕН. ОЛ «КЕСЕЛДІҢ КҮШІН
ЖОЯТЫН ТУРА, ЕҢ ҮЛКЕН ЕМ –
ДЕНЕНІ БАБЫНА КЕЛТІРІП
ҰСТАУ. МЫСАЛЫ, ТАЗА АУА,
ТАЗА ҮЙ, ТАМАҚ, КИІМ ҺӘМ
ӨЗГЕ ДАУАЛАР» ДЕП ЖАЗАДЫ.**

Қан тазалығы – өмірге дені сау ұрпақ әкелудің бірден-бір кепілі. Бұл жеті ата араламай, жеті өзен аспай, қыз беріп, қыз алыспайтын ежелгі салтпен көрініс тапты. Жеті атаға дейін қыс алыспау тұжырымын әйгілі емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ұсынды. Соның негізінде Әз Жәнібек хан әркімнің орындауы тиіс ережені енгізген дейді зерттеушілер.

Ал жан (ар) тазалығы адамды қиянат пен ғайбаттан, бәле-жала мен өсек-аңнан, шалыс қадам мен теріс әрекеттен аулақ болуға шақырады. Жақсылық жасауға, мейірім-шапағатын төгуге баулиды.

Жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық баспасөзде көтерілген таза ауа мен таза үй мәселесі қоршаған орта мүшкіл халге түскен бүгінде мейлінше өзекті. Содан болар, бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жобасы жалпыұлттық сипат алып отыр. Президент биыл

сәуірде өткен «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде аталған жоба аясында ауқымды шаруа атқарылғанына тоқталды. Атап айтқанда, миллиондаған тонна қоқыс жиналып, көшет отырғызылды. Осы орайда, «Бүкілқазақстандық ағаш егу күні» акциясы игі дәстүрге айналғанын атап өткен жөн. Мемлекет басшысы бұл ретте «Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі», – деді.

Сонымен қатар, табиғатты аялау, тазалық мәдениетін әрбір

ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр.

Ақпарат құралдарында жарияланған мәліметке жүгінсек, өткен жылдан бері «Таза Қазақстан» акциясына бүкіл ел бойынша 6,2 млн адам атсалысты. Ұйымшыл жұрттың іс-әрекетінің арқасында 1,1 млн тонна қоқыс жиналыпты. 4800 қоқыс алаңының түгелге жуығы жойылды. Жоба өрісін кеңейтіп халықаралық сипат ала бастады. Бұған Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолиядағы табиғат жанашырларының Алматыда бас қосып, тазалықты ту етіп көтеруі айқын дәлел.

Әңгіме басында тазалық мәдениетінен сөз еттік. Ол қанға сіңген қасиетке айналғанда да ғана

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕПІЛІ



азаматтың, әсіресе, жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті міндет. Президенттің пікірінше, қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу – аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» жобасының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған

ол тұрақты сипат алады. Демек, біздің бойымыздағы тазалық мәдениетімізді паш ететін «Таза Қазақстан» жобасы тек қоқыс жинап, ағаш отырғызатын бір күндік іс-шара немесе сенбілік емес. Бұл өміріміздің сан-саласын қамтитын күнделікті тұрмыс салты мен дағдысы болуы тиіс. Сонда ғана біздің ұлттық мәдениетіміз табиғатпен үйлесім табады.

Талап ТІЛЕГЕН



Фото: Солтан Жексенбеков/Kazinform

КЕШЕ ДЕ, БҮГІН ДЕ КҮЛЛІ ӘЛЕМ
ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ АХУАЛДЫ
ҚАЛТ ЖІБЕРМЕЙ, ҚАДАҒАЛАП
ОТЫР. СЕБЕБІ ДЕ БЕЛГІЛІ.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК,
ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА МЕН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА-
САТТЫҚҚА ОСЫ АЙМАҚТАҒЫ
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛ
ЕТЕРІ АНЫҚ. ТҮРЛІ ШИЕЛЕНІС ПЕН
ҚАҚТЫҒЫСТАН КӨЗ АШПАЙТЫН
ОСЫ ӨҢІРДЕ, АЙТАЛЫҚ, СИРИЯДА
ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ДЕ БАР.
JAS QAZAQ ТАНЫМАЛ
ШЫҒЫСТАНУШЫ, БІЛІКТІ
САРАПШЫ СҰЛТАН
ӘКІМБЕКОВПЕН ТҮЙТКІЛІ
КӨП ТАЯУ ШЫҒЫСТА СОҢҒЫ
ОҚИҒАЛАР ТӨҢІРЕГІНДЕ ТІЛДЕСТІ.

СҰЛТАН ӘКІМБЕКОВ:

– Сұлтан Мағрұпұлы, сарапшы қауым маусым айындағы Израиль–Иран арасындағы қақтығыстан кейін халықаралық саудадағы тұрақтылық туралы жиі айта бастады. Қазақстан үшін Солтүстік–Оңтүстік бағыты – аса маңызды дәліз. Осы өңірдегі шиеленіс халықаралық жүк тасымалына ықпал етуі мүмкін бе?

– 12 күнге созылған Израиль мен Иран арасындағы соғыс жылдам аяқталып, Парсы Шығанағы аумағы мен Солтүстік–Оңтүстік бағытындағы сауда-саттыққа елеулі түрде әсер етіп үлгерген жоқ. Бүгінде Иран аумағы арқылы өтетін осындай бірнеше бірнеше бағыт бар. Солардың бірі – ресейлік жоба бойынша Әзірбайжан арқылы Иранға жеткізетін ресейлік көлік дәлізі жобасы. Бұған қоса, Орталық Азия өңірінен Парсы Шығанағына бастайтын бағыттар бар. Атап айтқанда, Қазақстан 2014 жылы Маңғыстаудан түрікмен жері арқылы Иранға апаратын теміржол салды.

Жалпы транзит тұрғысынан алғанда, бұл еліміз үшін келешегі мол бағыт болып саналады. Иранмен сауда-саттық көлемі пәлендей көп емес. Дегенмен, өсіп жатыр. Рас, 12 күндік соғыс бизнес атаулыны алаңдауға

ТАЯУ ШЫҒЫСҚА ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

мәжбүр етті. Әлгінде айтып өткендей, жылдам аяқталғандықтан, әсері де әлсіз. Бұл жерде мәселе ахуалдың тұрақсыз күйде қалуы және санкцияның сақталуында болып тұр.

– Соңғы кездері отандық және шетелдік ақпарат құралдары билікке жаңа күштер келген Сириядағы оқиғаларға айрықша назар аударып отыр. Башар Асад билігінен кейінгі елдегі ахуал қандай: бейбіт өмірді қалпына келтіруге талпыныс па, әлде ішкі алауыздықтың күшеюі ме?

– Сириядағы бүгінгі жағдайды күрделі деп сипаттаған жөн. Рас, оң өзгерістер де бар. АҚШ пен Еуроодақ санкцияны алып тастады. Бұл инвестицияға жол ашып, ел экономикасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сириялықтар инвестицияны ең алдымен Парсы Шығанағы елдерінен күтіп отыр. Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «DP World» компаниясы Сирия

үкіметімен құны 800 млн долларлық инвестициялық келісімге қол қойды. Құжат Жерорта теңізіндегі Тартус портын дамытуды көздейді. Бұл Парсы Шығанағынан Жерорта теңізіне, одан әрі Еуропаға бағытталған көлік дәліздерін құруға арналған ауқымды жобалардың бір тізбегі. Айта кету керек, бұған дейін Қатардың осы Сирия арқылы өтетін газ құбырын төсеуге қатысты жоспары болған.

Осының бәрі жағдайды тұрақтандыруға көмектесуі тиіс. Бірақ ел ішіндегі ахуал әлі де тұрақты емес. Бұл жерде мәселе Сирия билігіне кеп тіреледі. Қалай десе де, бұрынғы «Хайят Таһрир Әш-Шам» әсіредіншіл ұйымы содырларының бір тобы әләуилер тұратын Латакия және дүрзілер (друз) мекендеген Әс-Сүәйда провинцияларында бейбіт тұрғындарды қарумен қырып салу кезінде байқалды. Қазір осы ұйымның өкілдері үкіметтің қарулы күштері сапында.

Әрине, олардың әрекеті осы топтың бұрынғы көшбасшысы, бүгінде Сирия президенті Ахмед Әш-Шәраа басқаратын биліктің беделіне нұқсан келтіруде. Бұл, сондай-ақ, Сирия үкіметіне елдің барлық аумағында билік орнатуға кедергі келтіріп отыр. Өйткені қазіргі Сирия билігіне қатысты үрей елдегі әртүрлі қауымдардың өкілдерін алаңдауға мәжбүр етіп отыр. Бүгінде солтүстік пен солтүстік-шығыстағы күрдтер, оңтүстіктегі дүрзілер, шығыстағы Сирия шөліндегі бәдәуи тайпалары Дамаскінің бақылауынан тыс қалды.

Міне, осындай жағдайда Сирия билігі алдағы қыркүйек айында 210 депутаттан тұратын парламентке (Халық Кеңесі) сайлау өтетінін жария етті. 70 депутатты президент Әш-Шәрааның өзі тағайындайды. Қалғанын тұрғындар сайлайды. 15 қыркүйекке дейін уақыт аз қалды. Ресми Дамаск билігіне қарамайтын өңірлерде дауыс беру қалай ұйымдастырылатынын тап басып айту қиын. Қалай дегенмен, сайлаудың өзі – ілгері жылжу.

Басы ашық бір нәрсе – Сирияда соғыс өртінің тұтануы неғайбыл. Қазір оған ешкім мүдделі емес. Оның үстіне, мемлекет бір кездері қуатты болған әскери әлеуетінен айырылып қалды. Қалған-құтқаны өткен жылдың соңында Башар Асад биліктен кетерде Израиль тарапынан жойылды. Сондықтан қандай да бір жойқын қақтығысқа себеп те жоқ.


– Франция жақын арада Палестина мемлекетін танитынын мәлімдеді. Бұл жетіде өтетін Палестина мәселесі бойынша жоғары деңгейдегі конференцияда екі мемлекет құру жайы талқыланады. Мазасыз аймаққа көптен бейбітшілік пен тұрақтылық әкелуі тиіс осы қос мемлекет формуласының болашағын қалай бағалайсыз?

– Дербес Палестина мемлекетін құру тарихы халықаралық қатынастар жүйесінде әлі де ең өзекті де өткір мәселе күйінде қалып отыр. Өкінішке қарай, түйінді шешудің қарапайым жолы жоқ. Франция, тіпті, Палестинаны таныған күннің өзінде мемлекет құрылады деген сөз емес. Қала берді, дәл қазір оған мүмкіндік тым аз.

Соңғы кездегі түрлі оқиғалардан соң, атап айтқанда, 7 қазандағы қасірет, Газа секторына қарсы Израильдің

жауап қимылы, «Хезболланың» жеңілісі, Сирияда Асад билігінің құлауы, Израильдің Иранмен 12 күндік соғысы, президент Дональд Трамп әкімшілігінің Таяу Шығысқа қатысты саясатынан кейін осы аймақтағы ахуал күрт өзгерді.

Израиль күш-қуатын паш етті. Содан болар, енді Осло форматы бойынша Палестина мемлекетін құру идеясымен келісуге ыңғай танытқысы жоқ. 1993 жылы Израиль мен Палестинаны Азат ету Ұйымы арасында қол қойылған келісім нәтижесінде екі бөліктен, яғни Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Газа секторынан тұратын осындай мемлекет құру көзделген еді. Ал биылғы 23 шілдеде Израильде парламент Иордан өзенінің Батыс жағалауын Израил аумағының бөлігі деп танитын қарарға дауыс берді.



Міне, сондықтан Иордан өзенінің Батыс жағалауы енді Палестина мемлекетінің негізі ретінде қарастырыла алмайды. Оның үстіне, Газа секторы қатты қирады. Трамп тіпті палестиналықтардың бір бөлігін осы аумақтан атауы әзірге айтылмаған кейбір мұсылман елдеріне көшіруді ұсынды. Бұған қоса, Парсы Шығанағы елдерінің АҚШ-пен бірқатар келісімге қол қойғанын айтқан жөн. Аталған құжаттар Израильмен бейбіт қарым-қатынас орнатуды көздейтін «Авраам келісімі» («Ибраһим уағдаластығы») деп аталатын атышулы мәміленің бір бөлігі болуы да ғажап емес.

Сол себепті, қалыптасқан қазіргі жағдайды ескерсек, Палестина мемлекетінің құрылуы қиын-ақ. Ал француз президенті Макронның мәлімдемесі Франциядағы мұсылман тұрғындар мен либералдық бағыттағы қоғамдастықтың қолдауын алу мақсатымен жасалса керек. Бейбіт тұрғындар арасында көптеген өлім-жітімге әкеп соққан Израиль билігінің Газа секторындағы саясатын бүгінде Еуропадағы либералдық саяси топтар қатты сынға алып жатыр.



АРАЛДАҒЫ ҚАЙЫҚ ЖАСАЙТЫН КӘСІПКЕР

КӘСІПКЕРЛІК – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ӨРГЕ СҮЙРЕУГЕ ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС ҚОСАТЫН САЛА. ӘР АЙМАҚТА КӘСІБІН ДӨҢГЕЛЕТІП, ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН АЗАМАТТАР КӨП. СОНДАЙ ҚАРЫМДЫ КӘСІПКЕРДІҢ БІРІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АРАЛ АУДАНЫНДА ТҰРАДЫ. КӘСІПКЕР, ӘРІ ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕРІ ТАМҒАН ШЕБЕР ЖАНСЕРІК НЫСАНБАЕВ БҰҒАН ДЕЙІН ҚАЙЫҚҚА ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ТАЛҒАМЫНА САЙ ЖАСАЙТЫН БОЛСА, БҮГІНДЕ СҰРАНЫСТАҒЫ ҮЛГІЛЕРДІ БІРІКТІРІП, ҚАЙЫҚТЫҢ 4 МОДЕЛІН САТЫЛЫМҒА ШЫҒАРЫП ОТЫР. «АЛДАҒЫ УАҚЫТТА БҰЛ МОДЕЛЬДЕРДІ КЕҢЕЙТЕМІЗ ЖӘНЕ ТУРИЗМГЕ АРНАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ СУ БЕТІНДЕ СЕРУЕН ЖАСАУЫНА ЫҢҒАЙЛЫ ШАҒЫН КЕМЕЛЕР ЖАСАУ ЖОСПАРЫМЫЗДА БАР», – ДЕЙДІ ЖАНСЕРІК.

ЖАНСЕРІКТІҢ ҚАЙЫҚ ЖАСАУЫ КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ ЕМЕС. АТАСЫ СЕНБІ АРАЛ ӨҢІРІНЕ БЕЛГІЛІ ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН ӘЙГІЛІ ҰСТА БОЛҒАН. ӘКЕСІ ТЕМІРБАЙ ДА АТА ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН, ҮЙ ТҰРҒЫЗЫП, АҒАШ КЕСУДІҢ АСҚАН ШЕБЕРІ БОЛҒАН. НАҒАШЫ АТАСЫ ОРЫНБАЙ ЕТІКШІЛІК ӨНЕРІМЕН ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН. ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚ АУЗЫНАН ТҮСПЕГЕН ҰСТАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ЖІБІН ҮЗБЕЙ, ЗАМАНАУИ ҮЛГІСІН КӨРСЕТІП ОТЫРҒАН ЖАНСЕРІК БИЗНЕСІН ОСЫДАН ОН АЛТЫ ЖЫЛ БҰРЫН ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІНЕН БАСТАҒАН.

ЖАНСЕРІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙЫҚ ЖАСАЙТЫН КОМАНДАСЫ ЖАЙЫНДА ШАҒЫН СҰХБАТЫМЫЗДЫ ҰСЫНАМЫЗ.

– Жансерік, қайық жасау идеясы туралы айтып берсеңіз. Тегіңізде ұсталық өнер бар екенін білгенде, бәлкім, бала кезде қайық құрастырып жатқандарды көрді ме деген сұрақ туады?

– Қайық жасау идеясы дегенде мына жәйт ойыма оралады: оқушы кезімде әкемнің ұста сарайындағы құралдарды пайдаланып, әртүрлі бұйымдар жасап көретінмін. Сосын әкемнің құрал-саймандарының арасында «Конструктор», «Өзің жаса» («Сделай сам») деген кітаптар мен журналдардың ішінде ағаштан қайық құрастыратын мағлұматтарды қызығып оқитыным есімде.



«Арал жиһаз» деген кәсібіміз кеңейе бастаған 2015 жылы біздің Аралда балық өндірісі қарқынды дамыды. Кіші Арал толып, халықтың көбі балық шаруашылығымен айналысты. Сол уақытта көршілер мен ағайын-туыстардың көбісі алюминий қайықтарды Ресейден алдырды. Балықшының бірден-бір құралы қайық болған соң өтімділігі де жақсы болды. Бір жағынан, сол жылдары алюминий қайықтардың қаупі сол, жылына үш, кейде бес қайыққа дейін суға кетіп, өлім-жітім көбейді. Осының бәрі көз алдымызда болып жатқандықтан қауіпсіз қайық шығару туралы ойлана бастадым. Интернеттен қарап, бұрын оқыған журнал, кітаптарымды қайтадан парақтап, зерттеп, зерделеп, бірінші мақсатта қауіпсіз вакуумды қайық жасауды ойладым. Ресейліктер бізден бұрын пластикалық қайыққа отырды, алюминий қайықтарды Қазақстанға арзан бағаға сатып жібергені сондықтан. Әу баста ағаш қайық жасау ойда болған, бірақ ағаштың сапасы төмендеу, суды бойына тартып алады, сосын салмағы



ауыр болады. Алюминий коррозияға шыдамсыз, теңіздің суы жеп қояды. Сонымен сапасы жағынан пластик қайық бізге тиімді болды. Бастапқыда бір қайық жасап көрдік, теңізге апарып, сынақтан өткіздік, бірақ сәтсіз болды. Сонда да тоқтаған жоқпыз, әрмен қарай дамыттық. Модернизациядан өткіздік, теңіздегі балықшылармен ақылдастық. 2017 жылы тағы бір модельді қолға алдық, ол енді сәтті шықты. Экономикалық тұрғыдан және отандық бизнесті дамыту тұрғысынан қайық жасау идеясы бізге табысты болды.

– Бір сұхбатыңызда тек қана тапсырыспен қайық жасаймыз деген екенсіз. Маркетинг жағын айтып берсеңіз.

– Иә, қайықты басында тапсырыспен жасайтынбыз. Өйткені шығыны көп, сосын әркімнің талғамы әр түрлі ғой. Көбіне балықшылар өзіне ыңғайлы етіп жасатады. Қазіргі кезде жағдай тұрақталды. Туризм мақсатында су

бетінде серуендеуге арналған қайықтарға да сұраныс артты. Барлық комплектациясын бір жолға қойып, реттеп, стандарт бойынша сұранысқа сай нарыққа төрт модельді шығарып отырмыз.

Маркетинг жағына келсек, kolesa.kz арқылы жұмыс істейміз. Екі қайық сыятын өзіміздің жүк көлігіміз бар, сонымен Балқаш, Атырау, Ақтау, Алакөл, Зайсан, Қапшағай, жалпы суы бар жерлерге жеткізу қызметі қарастырылған. Тұтынушының мекен-жайына дейін апарып береміз. Басында қиын болды. Өйткені адамдардың көбі хабарландыруға сенбейді. Әр өңірден бір-екі адам алғаннан кейін, қайықтарымыздың сапасы туралы халықтың өзі айта бастағанда жұмысымыз бір жолға түсті деп айтуға болады.

Әрі қайықтардың бағасы да қолжетімді. Тапсырыс көлеміне қарай жыл он екі ай жұмыс істейміз. Бұрын айына үш қайық шығарсақ, қазір жұмысты автоматтандырудың арқасында айына 5 қайыққа дейін шығара аламыз.

– Осы кәсібіңізді кеңейтуге байланысты жоспарыңыз бар ма?

– Алда үлкен жоспарларымыз бар. Былтыр қайық өндірісіне арналған бөлек үлкен ғимарат салдық. Алдағы уақытта әр түрлі модельдерді көбейту, көлемді қайықтар жасау жоспарымызда бар. Бұл, әсіресе, туризм саласында үлкен сұранысқа ие. Шағын кемелер жасауды да ойластырып отырмыз.

– Өзіңіздің өмірлік ұстанымыңыз қандай? Жалпы кәсіпкер адам үшін ең маңызды қағидалар туралы айтсаңыз.

– Еңбегімен елге пайдасы тисе, кәсіпкер үшін бұдан маңызды ештеңе жоқ деп ойлаймын. Ең бастысы, сапалы өнім, сапалы қызмет болуы керек. Сонда ғана жүзің жарқырап, жұмысың алға басады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы



**ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗ-ӨЗІНЕ
ҚОЛ ЖҰМСАУ ОҚИҒАЛАРЫ ЖИІЛЕП БАРА
ЖАТҚАН ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА АТА-
АНАНЫҢ, ӘСІРЕСЕ ӘКЕНІҢ БАЛАМЕН
БАЙЛАНЫСЫ БҰРЫНҒЫДАН
ДА МАҢЫЗДЫ БОЛА ТҮСТІ.
СТАТИСТИКАДАН БӨЛЕК, ӘРБІР
ОҚИҒА – БІР ОТБАСЫНЫҢ,
БІР ЖҮРЕКТІҢ ТРАГЕДИЯСЫ.
БАЛАМЕН АШЫҚ СӨЙЛЕСУ,
ІШКІ ЖАН-ДҮНИЕСІНЕ
ҮҢІЛУ – БҮГІНГІ АТА-
АНА АЛДЫНДАҒЫ БАСТЫ
МІНДЕТ. ОСЫҒАН ОРАЙ БІЗ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҰРҒЫНЫ, 9-СЫНЫП
ОҚУШЫСЫНЫҢ ӘКЕСІ,
ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҚҚАН
ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ, ҚАЗІРГІ
ТАҢДА ЖЕКЕ КӘСІП ИЕСІ ҚУАНЫШ
ТАСБОЛАТҰЛЫМЕН СҰХБАТТАСЫП,
ОНЫҢ ӘКЕЛІК ҰСТАНЫМЫ МЕН ӨМІРЛІК
ӨНЕГЕСІ ЖАЙЫНДА СӨЗ ҚОЗҒАДЫҚ.**



БАЛА ЖАНЫН ТҮСІНУ – РУХАНИ ЖАУАПКЕРШІЛІК

– Қуаныш мырза, бүгінгі ата-аналар баламен қандай байланыс орнатуы керек деп ойлайсыз?

– Меніңше, бүгінгі балаға әкешешенің тек бақылаушы емес, тыңдарман әрі жолдас ретіндегі рөлі аса қажет. Біз өзіміз бала болғанда, кейбір сезімді айтуға ұялатынбыз, ал қазір ұялу емес, үнсіз қалу қауіпті. Баламен тек күнделікті күйбең тіршілік жайлы емес, жан-дүниесі, қорқынышы, көңіліне тиген нәрселер туралы ашық сөйлесе білу керек. Мен ұлыммен кешкі аста «Күнің қалай өтті?» деп сұрап қана қоймай, «Бүгін саған не ұнамады?», «Біреу көңіліңе тиді ме?» деген сияқты нақты сұрақтар

қояуға тырысамын. Осындай ұсақ-түйек әңгімеден үлкен сенім пайда болады.

– Жасөспірім шақ – баланың өтпелі кезеңі. Бұл кезде мінез күрт өзгеріп, ашушаңдық, тұйықтық байқалуы мүмкін. Сіз бұл кезеңнен ұлыңызбен қалай өттіңіз?

– Иә, менің де ұлымда ондай сәттер болды. Бір күні ашулы, бір күні көңілсіз, кейде ештеңе айтқысы келмейді. Бұрынғыдай бәрін бөлісе салмайды. Бірақ мен оған «Не болды?» деп сұрақты тік қоймай, жай ғана жанына отырып, бірге фильм көріп, күнделікті әңгімеден бастағанды жөн көрдім. Кейде үндемей жаныңда отырудың өзі

балаға «мен сені түсінгім келеді» деген белгі болады. Бұл жаста бала ата-анасына қарап емес, сыртқы ортаға қарап өседі. Сондықтан біз сол сыртқы әсерден бұрын баламыздың ішкі жан дүниесіне жақын болуымыз керек. Тек ақыл айтып емес, өзіміздің де қателік жіберетінімізді мойындап, бірге өсу маңызды. Балаға қысым емес, қолдау керек. Өтпелі кезең – дауыл сияқты, бірақ сол дауылда әке – жел өтін кесіп тұратын қалқан бола білуі тиіс.

– Ұлыңыздың көңіл күйіндегі өзгерісті қалай байқайсыз?

– Ата-ана баласының түрінен, үнінен, отырысынан-ақ бәрін байқайды. Егер бала әдеттегіден

тұйық, сөйлемейтін болса – бұл жай ғана күй емес, ішкі белгі. Ондайда ұрыспай, жақындасуға тырысу керек. Кейде мен де қатты сөйлеп қойғанымды сеземін. Ондайда кешірім сұрап, қайта сөйлесемін. Себебі әке – бедел ғана емес, тірек, дос бола білуі керек.

– Сіз зейнетке шыққан полиция қызметкерісіз. Сол саладағы тәжірибеңіз бала тәрбиесіне қалай әсер етті?

– Полицияда қызмет ету – үлкен тәртіп, жауапкершілік пен әділеттілікке үйретеді. Бұл қасиеттерді мен ұлыма да сіңіруге тырысамын. Әсіресе, әділетті болу, уәдені орындау, өтіріктен аулақ болу сияқты ұстанымдарды үнемі айтып отырамын. Қызмет барысында адам тағдырына қатысты түрлі жағдайларды көрдік. Солардың бәрі маған: «Балаға сөз емес, әрекет арқылы өнеге көрсету керек» дегенді ұқтырды.

– Қазір жеке кәсіппен айналысады екенсіз. Осы іспен айналысу балаңызға қандай өнеге?

– Иә, қазіргі таңда шағын кәсіп жүргізіп отырмын. Қарап отырмай, еңбек ету – бұл тек күнкөріс емес, өмірге деген көзқарас. Балам кейде менің жанымда бірге жүреді. Сол кезде: «Қандай іспен айналыссаң да, адал және жауапкершілікпен атқар»

деп айтып жүремін. Ұлымның еңбектен қорықпай, өз жолын таба білуін қалаймын. Мен үшін балаға қалатын ең үлкен мұра – еңбекке деген құрмет пен өзіне сенім.

– Қазіргі қоғамда кей ата-аналар бала тәрбиесін мектеп пен телефонға тапсырып қойғандай әсер қалдырады. Сіз қалай ойлайсыз?

– Иә, бұл өкінішті шындық. Телефон балаға қажет болуы мүмкін, бірақ шынайы байланысты алмастыра алмайды. Кейбір ата-аналар баламен сөйлесудің орнына, «бағасы не болды?» деген сұрақпен шектеліп қояды. Бұл – «сенің құның бағаңмен өлшенеді» дегендей әсер қалдыруы мүмкін. Сондықтан



сөз, уақытында айтылған ақыл үлкен қайғының алдын алады. Әке ретінде балаға тең дәрежеде қарап сөйлесу, ақыл мен мейірімді қатар ұсыну – ең тиімді тәсіл.

– Күнделікті өмірде қандай қағиданы ұстанасыз?

– Менің басты ұстанымым – тыңдау мен сенім. Баламмен сөйлескенде айқайлауды емес, түсіндіруді жөн көремін. «Мен сені жақсы көремін», «Қасыңдамын» деген сөздерді жиі айтамын. Өйткені әр балаға керегі қорғаушысы бар екенін сезіну. Ол сенім балаға өмірде бағыт болады.

Қуаныш Тасболатұлының әкелік тәжірибесінен түйгеніміз – бала тәрбиесі бір ғана кеңестен емес, күнделікті көңіл бөлуден, әрекет арқылы өнеге көрсетуден тұрады. Әкенің сөзі мен ісі, кәсіби жолы мен адами келбеті – баланың ертеңгі бағытына айналады. Егер әр ата-ана бір сәт баласының жан-дүниесіне үңіле білсе, бұл болашақты сақтап қалудың берік іргесі. Әке мен бала арасындағы сенім – кез келген қиындықты еңсеруге мүмкіндік беретін алтын көпір.

Әлия БІЛДЕБЕКОВА,
Түркістан қаласы

мен үнемі өз-өзіме сұрақ қоямын: «Балам менен қорқа ма, әлде сенеді ме?». Міне, осыны ажырата білу маңызды.

– Осындай қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға не айтасыз?

– Ең алдымен, кінәламау керек. Тыңдай білу – емнің жартысы. Бала қандай қателік жасаса да, ол біздің баламыз. Қазір көмек сұраудан ұялатындар көп. Бірақ психологқа бару – әлсіздік емес, керісінше, жауапты қадам. Кейде бір жылы





БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕНГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.

КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЖӘЗИРА МҮЛКІБЕКОВАНЫҢ ПАРАСАДАҚ АТУ СПОРТЫНА АРНАҒАН ЖАЗБАСЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.

ПАРАСАДАҚ АТУ ШЕКСІЗ МҮМКІНДІК СЫЙЛАЙДЫ



Фото: trsk_shymkent

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ИНКЛЮЗИВТІЛІК ПЕН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ТЕҢ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНДЕ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ, СПОРТ САЛАСЫНДА БҰЛ БАҒЫТ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫП КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАНДА 2022 ЖЫЛДАН БАСТАП КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН ПАРАСАДАҚ АТУ СПОРТЫ РЕСМИ ТҮРДЕ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. БҰЛ – ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА, ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯСЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ЖАҢА СПОРТ ТҮРІ.

ПАРАСАДАҚ АТУ СПОРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Парасадақ ату – көру қабілеті нашар немесе көру мүмкіндігінен айрылған жандарға арналған арнайы ережелермен өтетін садақ ату түрі. Бұл спорт түрінде спортшылар арнайы нұсқаушылардың көмегімен және дыбыстық, тактильдік бағдарлар

арқылы нысанаға оқ атады. Жарыстарда садақтардың, арқанның тартылу күшіне, қашықтыққа және қауіпсіздік шараларына ерекше мән беріледі.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫ

2022 жылы Қазақстанда алғаш рет ресми түрде парасадақ ату спорты бастау алды. Сол

жылдан бастап республикалық деңгейде алғашқы секциялар ашылып, жаттықтырушылар дайындалып, арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Аз уақыттың ішінде бұл спорт түріне қызығушылық танытқан спортшылар саны артып, бірнеше аймақтарда үйірмелер жұмыс істей бастады.

Бүгінгі таңда көру қабілеті бұзылған спортшылар арасында

республикалық чемпионаттар, республикалық кубоктар, спартакиадалар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл жарыстарға қатысқан спортшылар түрлі жүлделі орындарға ие болып, өз шеберліктерін дәлелдеуде.

ПАРАСАДАҚ АТУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Бұл спорт түрі тек физикалық жаттығу ғана емес, сонымен қатар адамның психологиялық және когнитивтік қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік береді. Атап айтқанда:



Фото: trsk_shymkent

– **Қабылдау процесін жақсартады:** спортшы дыбыстық бағдарлауды, тактильдік сезімді дамытады.

– **Интуицияны күшейтеді:** көзбен көру мүмкіндігі болмаған соң, ішкі түйсік арқылы нысананы сезіну қабілеті артады.

– **Сабырлылық пен зейінділікті арттырады:** спортшының әр оқ атуы үлкен концентрацияны талап етеді.

– **Өзін-өзі сенімді сезінуге ықпал етеді:** жетістікке жету арқылы адам бойында жаңа өмірлік мотивация қалыптасады.

– **Жеке және командалық бәсекеге бейімдейді.**



Пара садақ атудан Азия чемпионатында қазақстандық спортшы Нұршат Төлеуқасым W1 классында 50 м қашықтықта 129 ұпай жинап, қола жүлдеге ие болды

Фото: csp-parasport.kz

Қазіргі жағдай және болашақ жоспарлар:

Қазіргі уақытта қазақстандық парасадақ атушылар **Азия чемпионатына** және **Әлем чемпионатына** қатысу үшін белсенді дайындық жүргізіп жатыр. Халықаралық жарыстарға қатысу – ел намысын қорғап қана қоймай, бұл спорттың ел ішінде де дамуына ықпал етеді.

Алайда бір мәселе – парасадақ ату спорты

әзірге Паралимпиада ойындарына енгізілмеген. Осыған байланысты отандық параспортшылар мен жаттықтырушылар Қазақстан Республикасы Спорт және мәдениет министрлігінен, сондай-ақ халықаралық спорт ұйымдарынан парасадақ атуды Паралимпиада бағдарламасына қосуға қолдау сұрап отыр.

ТҮЙІН

Елімізде көру қабілеті бұзылған жандарға арналған парасадақ ату спорты қысқа мерзім ішінде қарқынды дамып келеді. Бұл спорт түрі ерекше

қажеттілігі бар азаматтардың денсаулығын нығайтып, өмірге деген құлшынысын арттыруда. Жарыстардың тұрақты өтуі, халықаралық ареналарға шығу жоспарлары – параспорттың елдегі болашағының жарқын екенін көрсетеді.

Алдағы уақытта парасадақ ату спортын Паралимпиада ойындарына енгізу – спортшылардың арманы ғана емес, еліміздің спорттық абыройы үшін де маңызды қадам болмақ.



Жазира МҮЛКІБЕКОВА,
Қазақ спорт және туризм академиясының
3-курс студенті

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
КЛАССИГІ, ФУТБОЛДЫҢ
НАҒЫЗ ЖАНКҮЙЕРІ ҒАБИТ
МҮСІРЕПОВ СҮЙІКТІ
КОМАНДАСЫ ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТКЕНДЕ «ҚАЙРАТЫМ»
ҚАЖЫРЫМЕН
ҚАНАТТАНДЫ, АЛУҒА
БИІКТЕРДІ ТАҒЫ АТТАНДЫ!»
ДЕП ҚУАНҒАН ЕДІ.
МІНЕ, СОЛ «ҚАЙРАТ»
ЕУРОПАНЫҢ АЗУЛЫ
КЛУБЫ, ШОТЛАНДИЯНЫҢ
55 ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗЫ
«СЕЛТИКТІ» ТІЗЕ
БҮКТІРІП, ЧЕМПИОНДАР
ЛИГАСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІ
ЖОЛЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ.**



«ҚАЙРАТТЫҢ» ТАРИХИ ЖЕҢІСІ!



Алматының Орталық стадионында өткен ойын негізгі және қосымша бөлігінде есеп ашылмады. Глазгода өткен кездесуде де гол соғылмаған болатын. 11 метрлік пенальти соғуда «Қайраттың» қақпашысы Темірлан Анарбеков үш рет қақпасын қорғап қалды. Жалпы есеп 3:2. Осылайша, «Қайрат» өз тарихында бірінші рет

Чемпиондар Лигасының негізгі тобында ойнайтын болды. Енді жанкүйерлердің сүйікті командасы «Реал», «Барселона», «ПСЖ» сияқты әлем футболының алпауыттарымен жасыл алаңда күш сынасуы да ғажап емес.

Жеңіс құтты болсын!

Jas Qazaq

Суреттер: Алматы әкімдігінің
Телеграм каналынан



Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)